Әкімдіктің 2015 жылғы 21 қыркүйектегі № 337 "Қостанай облысы Арқалық қаласының коммуналдық мүлкін иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттарын айқындау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 14 мамырдағы № 163 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 мамырда № 9185 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 17 сәуірдегі № 124 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 17.04.2025 № 124 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 " Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Арқалық қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Әкімдіктің "Қостанай облысы Арқалық қаласының коммуналдық мүлкін иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттарын айқындау туралы" 2015 жылғы 21 қыркүйектегі № 337 қаулысына (2015 жылғы 6 қарашада " Арқалық хабары" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5949 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қазақ тіліндегі тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі тақырыбы өзгермейді:

"Қостанай облысы Арқалық қаласының коммуналдық мүлкін иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттарды айқындау туралы";

көрсетілген қаулының кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 " Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Арқалық қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

көрсетілген қаулының қазақ тіліндегі 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Қостанай облысы Арқалық қаласының коммуналдық мүлкін иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттар осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.".

2. "Арқалық қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Арқалық қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Арқалық қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Арқалық қаласының әкімі *К. Абишев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК